

Келісім-шарттарды жасасу тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1999 жылғы 12 сәуір N 94-п бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының кеден органдарында лауазымды тұлғалардың қызметтен өтуі туралы ережеге сәйкес, кеден бөлімшелерінің қызметтерін жетілдіру, республика кеден органдарында кадр саясатын тиімді жүргізу, қызметкерлердің бастамашылығы мен дербестігі үшін жағдайлар жасау, жеке құрам арасында қызметтік тәртіпті нығайту мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы қызмет туралы келісім-шартты жасасу тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Кеден органдарына қызметке түсуге үміткерлермен, лауазымды қызметкерлермен келісім-шартты жасасу және бұзу кезінде аумақтық кеден органдары қолданылып жүрген заңдарды қатаң басшылыққа алады.

3. Бұйрық Қазақстан Республикасы кеден органдарының барлық жеке құрамының назарына жеткізілсін.

Төрағаның міндетін атқарушы

Қ Р М К М
К е д е н к о м и т е т і н і ң
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 2 с ә у і р
N 9 4 - п б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы
қызмет туралы келісім-шартты жасасу тәртібі мен
ш а р т т а р ы т у р а л ы**

Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының кеден органдарында кадр саясатын тиімді жүргізу, олардың жеке ерекшеліктері мен кәсіби дағдыларын ескере отырып қызметкерлердің ынтасы мен дербестігі үшін жағдайлар жасау, тараптардың өзара жауапкершіліктерін арттыру, қызметкерлердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, еңбек келісім-шарттарын жасасудың мүмкін

жолымен кеден органдарында қызметтен өту мақсаты үшін.

2. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызметтен өту туралы еңбек келісім-шарттарын жасасудың жалпы шарттары мен тәртібін (бұдан әрі - келісім-шарт) реттейді және Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасының кеден органдарында лауазымды тұлғалардың қызметтен өтуі туралы ережеге және қолданылып жүрген еңбек заңына негізделген.

3. Келісім-шарт лауазымды тұлғаның және ол бойынша лауазымды тұлға ішкі еңбек тәртібіне бағына отырып белгілі бір қызмет бойынша жұмыстарды орындауға міндетті тиісті кеден органының арасындағы келісім-шарт, ал кеден органы лауазымды тұлғаға еңбекақы төлеуге және заңдар мен осы тараптардың келісінде көзделген еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге міндетті.

2. Келісім-шартты жасасу тәртібі

4. Кеден органдарына қызметке түсуге құқылы, кеден органдарында қызмет етуге денсаулығы бойынша жарамды және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығының, Ереженің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келетін тұлғалармен келісім-шарт жасалуы мүмкін.

5. Келісім-шарттар, әдетте, белгілі мерзімге немесе белгілі бір жұмыстарды орындау уақытына арналып жасалады.

6. Келісім-шарттар жазбаша нысанда, екі данада жасалады, оларға тараптар қол қояды, тиісті кеден органының елтаңбалы мөрімен бекітіледі. Даналардың бірі қызметкерге беріледі.

Үміткер кеден органдарына қызметке түсер кезінде келісім-шарт бойынша оны жұмысқа қабылдауы туралы өтінішті ұсынады.

Келісім-шарт жасасқан қызметкерді жұмысқа алу кеден органы бастығының тиісті бұйрығымен ресімделеді.

7. Ұйымдардың (мекемелердің) тиісті кеден органының басшылары арасындағы келісім бойынша басқа ұйымдардан (мекемелерден) ауысу тәртібімен кеден органдарына қызметке шақырылған лауазымды тұлғалармен шарт жасасудан бас тартуға жол берілмейді.

8. Кеден органының есебінен оқу орындарын бітірген тұлғалармен келісім-шартта көрсетілген мерзімге дейін жасалмаған, тепе-тең уақытпен есептелетін сомалар көлемінде оның оқуы үшін шығыстарды қызметкерлер қайтару туралы тармақта (оқу орнын бітіргеннен кейін 10 жылдық мерзім аяқталмаса) міндетті түрде көрсетіледі.

9. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары басқа қызметке немесе басқа жерге қызмет етуге ауысқан кезде олармен келісім-шарт жасалуы мүмкін, оларды тағайындау да кеден органы бастығының тиісті бұйрығымен ресімделеді.

10. Келісім-шарт тараптардың келісімі бойынша қызмет ерекшеліктерін ескере отырып қосымша жағдайлар, сондай-ақ кеден органының материалдық және қаржылық мүмкіндіктері көрсетіледі.

11. Келісім-шартта қызметкерге белгіленген сынақ, сондай-ақ сынақ мерзімі көрсетілуі қажет.

12. Келісім-шарт келісім-шарттың өзінде көрсетілген келісім-шарттың іс-әрекеті басталатын күннен бастап күшіне енеді.

13. Келісім-шарт жасасқан қызметкердің еңбек кітапшасында: "Қызметке (қызметтің аты, бөлімшенің атауы көрсетіледі) келісім-шарт бойынша тағайындалды" деген жазу жазылады.

3. Келісім-шарттың мазмұны

Келісім бойынша келісім-шартта тараптар мыналарды көрсеткені орынды:

14. Келісім-шарт тараптарының атауын және қажетті реквизиттерін.

15. Келісім-шартты жасасу мақсаты мен мәнін, сондай-ақ нақтылы қызметті және алдағы жұмыс істейтін орнын көрсете отырып, атқаруға жататын жұмыстардың түрі мен құрамын.

Ажырамас бөлігі ретінде біліктілік талаптары, лауазымдық нұсқаулықтар және басқа да құжаттар келісім-шартқа қоса беріледі.

16. Жұмыс нәтижелеріне қойылатын нақтылы талаптарды.

17. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімін. Келісім-шарт 5 жылға дейінгі мерзімге жасалуы мүмкін. Келісім-шарттың нақтылы мерзімі тараптардың келісімдерімен анықталады. Тараптардың келісімі бойынша келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін ол ұзартылуы немесе жаңа мерзімге жасалуы мүмкін.

18. Қызметкердің еңбегін ұйымдастыру шарттарын. Атап айтқанда, келісім-шартта кеден органының ішкі тәртібінің қағидаларына қызметкердің бағынатындығы, қызметтік міндеттерін орындау үшін оны жабдықтармен, материалдармен және басқа да құралдармен қамтамасыз ету тәртібі мен шарттары көрсетілуі тиіс.

Тараптардың келісімі бойынша келісім-шартта заңдарда белгіленгеннен кем емес жыл сайынғы еңбек демалысының ұзақтығы көрсетіледі.

19. Қызметкерге еңбекақы төлеудің шарттарын, материалдық ынталандырудың нысандарын, түрлерін және көлемін.

20. Қолданылып жүрген заңдармен және басқа да нормативтік актілермен белгіленген тараптардың құқықтарын.

Шартта жұмыс берушінің енгізулерін қарастыру қажет:

- қызмет бабы мүддесіне жұмысшының атқарған қызметі бойынша орташа еңбек ақысынан кем емес еңбегін өтеумен, оны күнтізбелік жыл бойынша бір айға дейін мерзімге шартта көрсетілмеген міндеттерді орындауға тарту үшін лауазым міндетіне өзгеріс;

- қосымша шарт жасаспай қызметкерді оның келісімімен басқа лауазымға немесе басқа жерге қызметке ауыстыру;

- қызметкерді өзінің жеке өтінімі бойынша кіші лауазымға немесе жұмыстағы жетімсіздігі мен кемшілігі үшін тәртіптік жаза, жеке тәртіпсіздігі үшін, заңда белгіленген тәртіппен қосымша шарт жасаспай ауыстыру.

21. Келісім-шарт шарттарын сақтау жөніндегі тараптардың міндеттемелерін және оларды бұзғаны үшін жауапкершілігін.

Қызметкердің ажыратылмайтын міндеттерінің бірі сыбайлас жемқорлық және қолданылып жүрген заңдарды, қызмет этикасын сақтаудағы басқа бұрмалаушылық көріністеріне қарсы тұру.

22. Қызметкерге әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да жағдайлар жасау жөніндегі жұмыс берушінің міндеттемесін. Мысалы, тұрғын үй беру, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде баланы орынмен қамтамасыз ету, санаторийлерге берілетін жолдамалармен қамтамасыз ету және т.б..

23. Келісім-шарт тараптары арасында туындаған дауларды (жанжалдарды) шешу тәртібін. Ол қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмеуін қарастыру қажет.

24. Келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзудың негіздемесін, шартын және тәртібін.

25. Тараптардың өзара келісуін талап ететін басқа да мәселелерді. Лауазымдық нұсқаулықтар мен басқа да құжаттар келісім-шартқа қоса берілуі мүмкін.

Келісім-шартты әзірлеу кезінде оңдағы көзделген шарттар кез-келген жағдайда қолданылып жүрген заңдарға қарағанда қызметкердің жағдайын төмендетпеуін ескеру маңызды.

Сондай-ақ келісім-шарт жасасқан қызметкерге кеден органдарының лауазымды қызметкерлері үшін белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер толығымен қолданылуы керектігі ескерілуі тиіс.

4. Келісім-шартты өзгерту және тоқтату

26. Келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар тек тараптардың келісімімен ғана енгізіледі және тараптардың қосымша келісімдерге қол қоюы жолымен ресімделеді (1-қосымша).

27. Келісім-шарт:

- келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін;

- тараптардың келісімі бойынша;

- келісім-шартта көзделген жағдайларда келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін тараптардың бірінің бастамасы бойынша тоқтатылады.

28. Қызметкермен жасалған келісім-шартты тоқтату тиісті кеден органының бастығының бұйрығымен ресімделеді.

29. Оның әрекет ету мерзімі аяқталуына байланысты келісім-шарт тоқтатылған кезде (егер жұмыс беруші қызметкермен келісім-шарттың әрекет ету мерзімін ұзартуға ниет білдірмесе) келісім-шартты тоқтату туралы бұйрық келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей шығарылады.

Келісім-шарт тоқтатылған қызметкер бұйрықпен танысуы тиіс. Танысу фактісі бұйрықтағы қызметкердің жеке қолымен расталады.

30. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталуына байланысты қызметкер қызметтен босаған кезде келісім-шарт жасасқан қызметкердің еңбек кітапшасында: "ҚР кеден органдарында лауазымды қызметкерлердің қызметтен өтуі туралы ереженің 205-тармағының 5-тармақшасы бойынша кеден органдарынан қызметтен босатылды (келісім-шартта көзделген қызмет ету мерзімі аяқталуына байланысты)" деген жазу жазылды.

31. Егер тараптар келісім-шарт бойынша өздерінің қатынастарын және келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін жалғастыруға тілек білдірсе, онда олар бұрынғы келісім-шарттың әрекет ету мерзімін қосымша келісім-шартпен немесе жаңа келісім-шарт жасасумен дер кезінде ұзартады.

32. Тараптардың келісімі бойынша келісім-шарттың тоқтатылуы екі тараптың қол қойылуымен оның әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы келісіммен ресімделеді.

33. Келісім-шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін тараптың бірінің бастамасы бойынша келісім-шарт бұзылған жағдайда мынадай тәртіптерді ұстану ұсынылады:

а) егер жұмыс беруші келісім-шартты өзінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзуға ниет білдірсе, онда ол белгілі-бір күнмен келісім-шартты бұзуға деген өзінің ниеті туралы мәлімдейді және келісім-шарттың немесе Ереженің тиісті тармағына сілтеме жасай отырып, келісім-шартты бұзу негізін көрсетеді;

б) егер қызметкердің мерзімінен бұрын бұзуға деген ниеті болса, онда ол өзінің ниеті туралы жұмыс берушіге оның атына жазған өтінішінде хабарлайды. Өтініште ол келісім-шартты бұзуға деген оған түрткі болған себепті және келісім-шартта немесе Ережеде көзделген келісім-шартты бұзу үшін тиісті негіздемені келтіреді.

34. Еңбек туралы заңға сәйкес жұмыс берушінің бастамасы бойынша келісім-шартты мерзімінен бұрын мынадай жағдайларда:

- жасына байланысты толық зейнетақы алуға құқығы болған жағдайда - қызметкердің зейнет жасына жеткенде;
- денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде;
- кеден органы таратылғанда (қайта құрылғанда);
- штаттар (саны) қысқартылғанда;
- сынақ мерзімі ішінде қызметкердің қызмет етуге жарамсыздығы анықталғанда;
- қызметтік тәртіптерді жүйелі немесе бірнеше рет өрескел бұзғаны үшін;
- кеден органы лауазымды тұлғасының дәрежесін кемсітетін әрекет жасағаны үшін;
- соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

35. Уақытша еңбекке жарамсыздығы салдарынан қатарынан 4 айдан артық уақыт ішінде жұмысқа келмеген жағдайларды қоспағанда, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, сондай-ақ кәсіпорын толық таратылғаннан басқа жағдайларда қызметкердің демалыста болу кезеңінде қызметкердің келісім-шартты бұзуына және кеден органдарынан босатылуына жол берілмейді.

36. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкердің бастамасы бойынша келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзу мынадай:

- келісім-шартта көзделген функциялар мен міндеттерді орындауға кедергі келтіретін қызметкердің ауруы немесе мүгедектігі;
- еңбек заңдарының ережелерін, келісім-шарт шарттарын және басқа да дәлелді себептер бойынша жұмыс беруші бұзған жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

37. Қызметкердің бастамасы бойынша келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы - екі ай, ал дәлелді себептер болған жағдайда - бір ай бұрын жұмыс берушіге жазбаша ескертсе жүзеге асырылуы мүмкін.

38. Тараптар арасындағы келісім бойынша ескерту мерзімі біткенге дейін келісім-шарт бұзылуы мүмкін.

39. Қызметкерге тәуелсіз себептер бойынша келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда оған босатылу жәрдемақысы төленеді. Босатылу жәрдемақысының мөлшері еңбек туралы заңдармен белгіленгеннен кем болмауы керек.

Сонымен бірге материалдық, мүліктік жауапкершілік немесе оның кінәсінен (келісім-шарт шарттарын бұзу, делелсіз себептермен жұмысқа шықпау және т.б.) келісім-шартты мерзімінен бұзу нәтижесінде кеден органына келтірілген зиянның орнын толтыру жөнінде қызметкерге өзге де жауапкершіліктер келісім-шартта қарастырылуы мүмкін.

40. Келісім-шартта көзделген, бірақ қолданылып жүрген заңдарда көзделмеген негіздемелер бойынша келісім-шартты бұзу кезінде, ҚазССР-нің Еңбек туралы заңдар кодексінің 31-бабының 1-тармағына сәйкес қызметтен босатылады, ол туралы еңбек кітапшасында тиісті жазба жасалады.

5. Қорытынды ережелер

41. Бұл ретте, осы нұсқаулықта көзделген, сондай-ақ келісім-шарттың үлгілік нысанында орын алған шарттар ұсыныстық сипатқа ие және қызметтен өту, кеден органы алдында тұрған нақтылы міндеттердің ерекшеліктері мен айрықшылықтарын, сондай-ақ мекеменің материалдық-қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, тараптардың келісімі бойынша дербес анықталады.

1-қосымша

_____ бастығымен жасалған
(кеден органының атауы)

к е л і с і м - ш а р т қ а

_____ Қосымша келісім

_____ қаласы "___" _____ 1999 ж.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасының кеден органдарында лауазымды тұлғалардың қызметтен өтуі туралы ереже және қолданылып жүрген еңбек заңы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "жұмыс беруші" дер аталатын _____ бастығы, (кеден органының атауы, тегі, аты-жөні) бірінші тараптан, және бұдан әрі "қызметкер" деп аталатын _____ екінші тараптар, (дербес атағы, тегі, аты-жөні, қызметкердің лауазымы) мына төмендегілер туралы осы қосымша келісімді жасасты:

1. Қызметкер келісім-шартқа қосымша мынадай міндеттер мен функцияларды _____ орындайды:

2. Келісім-шарттың _____ тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

3. Келісім-шарттың _____ тармағы күші жойылған деп танылсын.

Қызметкер

Жұмыс беруші

тегі, аты-жөні

лауазымы, атағы

төлқұжат, берілген күні

тегі, аты-жөні

қолы, күні

қолы, күні, мөрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК